

Астана 2025, № 9

Каспий теңізінің Қазақстандық жағалауы 2025 ж. қыркүйек үшін ай сайынғы гидрометеорологиялық шолу.

Барлық ағымдағы деректер "Қазгидромет" РМК мониторингінің өңделмеген (жедел) деректері болып табылады.

Қыркүйек айында желкөтерме-желшегерме құбылысының 10 жағдайы байқалды. Форт-Шевченкодa деңгейдің төмендеуі 20 см-ге (минус 29,48-дан минус 29,68 м-ге дейін) дейін жетті.

Теңіз деңгейі.

Максимум Иголкинская банка бекетінде – 147 см, ал минимум Құрық бекетінде – минус 195 см болып тіркелді. Орташа деңгей минус 118 см немесе БЖ бойынша минус 29,18 м болды.

Кесте 1. Теңіз деңгейінің сипаттамалары.

Бақылау пункті	Орташа деңгей	Максималды деңгей	Бақылау уақыты	Минималды деңгей	Бақылау уақыты
Иголкинская банка	143	147	01.09.2025	140	19.09.2025
Жанбай					
Пешной	-115	-100	04.09.2025	-127	30.09.2025
Құлалы аралы	-157	-136	16.09.2025	-176	30.09.2025
Форт-Шевченко	-158	-144	03.09.2025	-176	14.09.2025
Саура	-158	-142	01.09.2025	-167	11.09.2025
Құрық	-181	-146	21.09.2025	-195	30.09.2025
Ақтау	-159	-152	04.09.2025	-172	30.09.2025
Песчаный	-152	-147	26.09.2025	-154	07.09.2025
Фетисово	-129	-111	06.09.2025	-142	19.09.2025

Ескертпе: Жанбай ТГБ деректері толық емес

Су температурасы.

Қыркүйек айындағы судың орташа температурасы 18,2°C шамасында болды, ауытқуы 2,5°C-тан (Пешной) 28,9°C-қа дейін (Пешной).

Ауа температурасы.


Қыркүйек айының орташа ауа температурасы шамамен 19,6°C болды. Ең жоғары ауа температурасы Пешной ауданында 34,3°C-қа жетті, ең төменгі ауа температурасы Пешной теңіз станциясы ауданында 2,4°C болды.

03.10.2025


Каспий теңізін
гидрометеорологиялық
зерттеулер басқармасы
Ғылыми-зерттеу орталығы

7 (7172) 79 83 12
ugmikm@meteo.kz

Астана қ.,
Мәңгілік Ел 11/1
7 (7172) 79-83-32
info@meteo.kz
www.kazhydromet.kz



Сур.1. Орташа теңіз деңгейі, см



Сур.2. Су температурасы, °C

Желдің жылдамдығы мен бағыты.

Қыркүйек айында Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде желдің орташа жылдамдығы шамамен 4,4 м/с, максималды жылдамдығы 13 м/с жетті (Фетисово). Қыркүйек айында желдің басым бағыты солтүстік- шығыс (18,5%), шығыс (14,8%), солтүстік (11,0%) болды.